


Бақыт РҮСТЕМОВ

КУРЭС

ПЕН

ЖЕҢІС





U.S.

CANADA

Greenland

UNITED STATES

NORTH PACIFIC OCEAN

NORTH ATLANTIC OCEAN

MEXICO

THE CARIBBEAN ISLANDS

VENEZUELA

BRAZIL

KIRIBATI

French Polynesia

CHILE

ARGENTINA

SOUTH PACIFIC OCEAN


SOUTH ATLANTIC OCEAN

SOUTHERN OCEAN

Antarctica

Бақыт РҮСТЕМОВ

КУРЭС ПЕН ЖЕҢІС



3-кітап

Астана - 2010

УДК 070
ББК 76.01
Р90

Р 90 Рустемов Б.

Күрес пен жеңіс: халықаралық публицистика. Астана, 2010.
3-кітап – 384 б.

ISBN 978-601-06-0200-7

Кітапта біздің қоғамға бұрын-соңды аты кеңінен танылмаған Жер шарының Батыс бөлігінде өмір сүріп келе жатқан латын-америкалық мемлекеттердің бірі – Куба Республикасы туралы айтылған. Оның саясаты мен тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, ата-салт дәстүрі мен діни бағыттары, экономикасы мен әлеуметтік жағдайларының даму жолдары баяндалады. Жаңадан қалыптасып келе жатқан Қазақстан мен Куба елдерінің дипломатиялық қарым-қатынасы да бұл еңбекте өз орнын тапқан. Сонымен қатар Латын Америкасының бүгінгі таңда әлем деңгейінде танымал болған саясаткерлері туралы айтылып және ұлы жазушыларының еңбектері жарық көрген.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

Басылым авторлық редакциямен жарияланып отыр. Автордың айтқан пікірлері баспаның ұстанған бағытымен сәйкес келмеуі мүмкін.

УДК 070
ББК 76.01

ISBN 978-601-06-0200-7


Р 45020220000
00(05)-09

© Рустемов Б., 2010

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ КУБА

Достық дегеніңнің өзі тең болу.

Пифагор



Куба Республикасының Елшісі Абелардо Фабио Эрнандес Феррер мен Елшіліктің консулы Нерис Гарсиа Мериньос Маңғыстау өңірімен танысу кездерінде. 2009 жылдың маусым айы.

Куба Қазақстанды тәуелсіз республика ретінде таныған алғашқы елдердің бірі. Ол біздің елімізбен дипломатиялық

қатынас орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі. Куба БҰҰ-да кубалық қарарды қолдауға дауыс берген саяси қолдауы үшін Қазақстанға құрметпен қарайды. Екі елдің арасында халықаралық ұйымдардағы аса маңызды ынтымақтастықтығы орныққан.

Қазақстандықтар тәуелсіздік, бостандық және бақыт жолындағы кубалықтардың ерлік жігерін әрдайым жоғары бағалайды. Куба революциясы жарты ғасыр бойына бүкіл әлемге өзінің еркі мен табандылығын, батылдығын көрсетіп қана қоймай, алдында қандай бөгесін тұрса да жеңіп шығатындығын дәлелдей алды. Халық пен биліктің тұтастығы кубалықтарды саяси жағынан да, экономикалық даму тұрғысынан да жаңа биіктерге бастап келеді. Қазақстан халқының Куба халқына зор құрметпен қарайтындығы содан.

1989 жылғы халық санағының мәліметі бойынша 2811 кубалық КСРО-ның тұрғындары саналған. Қазақстанда осы этностың 86 өкілі болған. Алматыда 26, Целиноград облысында -13, Қостанайда – 12, Жезқазғанда – 8, Талдықорғанда – 7, Қызылордада – 7, Павлодарда – 3, Оралда – 3, Қарағандыда – 2, Солтүстік Қазақстанда – 2, Шымкентте – 2, Шығыс Қазақстанда – 1 кубалық тұрған.

Қазақстан мен Куба арасындағы достық қатынас өткен ғасырдың өзінде-ақ қалыптасқан. Қазақстандықтар Кубада өткізілетін халықаралық мәдени шараларға қатысты. Өз кезегінде кубалық жастар студенттік құрылыс отрядтарына қатысу үшін Қазақстанға келді, былайша айтқанда, халық шаруашылығы саласына және қазақстандықтардың тұрмысына өз қолтаңбаларын қалдырып, түрлі нысандарды салды, егін жинауға қатысты.

Біздің ұлттық Батырымыз, қазақ халқының ұлы перзенті, Екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен танылып, есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлы кубалық әскерилердің тәлімді ұстазына айналды. Оны кубалықтар аса жоғары құрметпен сыйлады. Ол кеңседе отыратын офицер емес, іс-қимылдағы армияның нағыз айбынды қолбасшысы болды. Соғыста кескілескен қанды шайқастың алғы шебінде жүрді. Өзінің жауынгерлерін талай мәрте қоршаудан алып шықты.

КСРО Әскери академиясында дәріс берді. Соғысқа қатысқан қолбасшы ретінде өзінің әскери тәжірибесімен бөлісу мақсатында Кубаға да барды. КСРО-дағы сияқты, Кубадағы оның алдынан дәріс алғандардың көпшілігі кейіннен әскери өнердің көрнекті тұлғаларына айналды. Бауыржан Момышұлының өшпес және қайталанбас ерліктері фашизмге қарсы күрескен жер бетіндегі миллиондаған адамдарға үлгі болды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі оның ерліктері бүкіл әлемге таралды. Замандастары және болашақ ұрпақтар үшін ол Отанға адал және шынайы берілудің үлгісі ретінде мәңгілік қалды. Бауыржан Момышұлының ерлігіне арналған, әлемнің көптеген тілдерінде кітаптар мен ғылыми еңбектер жарық көрді.

Кубалықтар алғаш рет Қазақстан туралы Бауыржан Момышұлының айтуынан ғана білді. Бұл оқиға сонау 1963 жылдың қараша айында болған еді. Ол кезде Баукеңнің жасы 55-те ғана болатын. Ол осы ел басшыларының шақыруымен Кубаға жасаған сапары-тұғын. Сол кезде кубалықтар оны дивизияның құрметті командирі етіп сайлады. Сонда ол КСРО құрамында тұратын қазақтар, әке-шешесінің малшылықты кәсіп еткені туралы айтып берді. Сонда кубалық бүкіл газеттер мен журналдар: “Қош келдіңіз, ержүрек майдангер!” “Биенвендио героико комбатанте!” – деп жазды.

Кубаға жасаған осы тарихи сапары жолжазбасын кейіннен Бауыржан Момышұлы “Менің отбасым” деген кітабына енгізді. Ол

өзінің естеліктерінде Плас Сивикте екі сағат бойына Фидель Кастро-ның сөйлеген сөзін қалай тыңдағандығы жайлы жазған. Кубаның қорғаныс министрі жас 34 жастағы Рауль Кастроның арнайы қабылдауында болды. Кездесуде Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына көрсетіліп жатқан құрметтің бәрі Фидель Кастроның арнайы тапсырмасы бойынша жасалып жатқандығын жеткізді. Сондай-ақ ол Баукеңе полковниктің сыртқы бейнесін уақыт өзгерткенімен, мінезінің өзгермегендігі жайлы ілтипатын да білдірді. Бұл арада Рауль мейманының жасы егделеніп қалғандығын алға тартқан еді. Кубалықтар Бауыржан Момышұлын Александр Бектің “Волокаламск тас жолы” кітабынан, сондай-ақ оның өзінің “Артымызда Москва” кітабынан біледі. “Сіздің Кубаға келуіңіз – бұл біздің халқымыз үшін үлкен жаңалық. Біз өзіңіздің соғыс қимылдары жолдарынан өткендегі басыңыздан өткерген шынайы әңгімеңіз үшін Сізге құрметпен қараймыз. Сіздің айтқандарыңыздың барлығы, полковник, біз үшін аса құнды. Мәскеуде болғанымда, өзіміздің Елшіміз арқылы Сіз туралы арнайы хабардар болдым. Сонда ол Сіздің аман-сау екендігіңізді, кітап жазып жатқандығыңызды айтқан еді. Осыдан кейін біз Сізді Кубаға келіп қайтуға шақыруды ұйғардық, Сіз біздің шақыруымызды алдыңыз ба?” – деді Рауль Кастро.



Бауыржан Момышұлы: “Иә, алдым. Менің өзімнің сапарым арқылы ешкімді де қинағым келмеді. Сондықтан да қандай да бір ресмилік тұрғыдағы араласусыз өзім келгенді қаладым. Сіздерге әскери әріптес ретінде келдім”, – деп жауап берді.

Рауль Кастро: “Біз Сізді үлкен құрметпен қарсы алдық. Фидель тығыз шаруасымен Ориентоға сапарлап кеткен еді. Ол маған Сіздің алдыңызда кешірім сұрауды өтінді. Бізге Қазақстан туралы айтып берсеңіз?” – деп өтініш жасады.

Бауыржан Момышұлы Рауль Кастроға: “Мен ешқандай марапаты мен қарыны жоқ министрді бірінші рет көріп тұрмын”, – деп өз кезегінде оған әзілмен жауап қайтарды.

Рауль Кастро: “Иә, менде қарын жоқ, марапат аларлықтай еңбегім де сіңген емес” – деді.

Бауыржан Момышұлы: “Менің жасыма келгенде Сіздің де қарныңыз шығып, ордендер мен медальдарыңыз болар, бәлкім”, – деді оған жауап ретінде.

Рауль Кастро бұған күле отырып: “Сіз шығармашылық тұрғыдағы адамсыз, сондықтан да менің төбе шашым түсіп, қарным шығып, өңірім орден мен медальдарға толы болатын кезенді болжап айтып отырған сияқтысыз”, – деп жауап қайтарды.

Бауыржан Момышұлы: “Команданте, менің айтқанымға уақыттың өзі қазы болсын”, – деді.

Осыдан кейін Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына: “Сіздердің бабаларыңыз қатыгез адамдар болған екен ғой” деп айта келіп, испан тіліне аударылған Лев Толстойдың “Кзаки” деген кітабын мейманының алдына тартты. Баукең сонда орыс казактары мен казактар арасындағы айырмашылықты сол мәжілске қатысып отырғандарға ажырата көрсетіп берді. Рауль картадан Қазақстанның қай жерде орналасқандығын көрсетуді өтінді. Сонда Баукең Еділден Қытайға, Кушкадан Сібірге дейінгі аумақты көрсете бастады. Одан әрі мейман кубалықтарға Қазақстанның қойнауы мол пайдалы қазбалары, мәдениеті, әдебиеті, еліміздің Абай, Шоқан, Жамбыл, Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Сәбит Мұқанов, Күләш Бәйсейітова, Роза Бағыланова және басқалар сияқты ұлы тұлғалары жайлы тебіреніспен айтып берді. Бауыржан Момышұлының Кубада Ақмола облысы Атбасар қаласынан келген дәрігер А. Мироновамен кездесуі айрықша тосын оқиға болды.

Өзіне жүктелген, оны барынша мінсіз атқаруға бар жігерін жұмсаған сол кездегі әскери міндетіне қарамастан, Рауль Кастро әртүрлі халықтардың мәдениетімен жан-жақты таныс болуға да баса ден қойған. Ол мейманына өзінің барлық сөйлеген сөздерінің басын құрап біздің елімізде өзінің кітабын шығарғысы келетінін де сыпайылап жеткізді. Бұдан кейін ол кездесуді тек Кубаның әскери басшыларымен ғана емес, әскери бөлімдерде қызмет атқарып жатқандармен де өткізудің жоспарланбағандығына өзінің өкінішін білдірді. Кейбір аралдарды аралап қайтуы үшін Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына өзінің жеке ұшағын да берді. Бұл ұмытылмастай есе қалаларлық оқиға болды. Біздің кейіпкеріміз кубалықтардың ақжарқын қонақжайлы пейілі туралы кейінен барынша толымды етіп әңгімеледі. Оның әсерлі әңгімелелерін адамдар зор қанағат сезімімен

тындады. Бұл Кеңестердің бүкіл елі “Куба – менің мақтанышым” (“Куба – любовь моя”) әнін жапшай шырқап жүрген кез болатын.

Бауыржан Момышұлына Олгита Лоренсе аудармашылық қызмет атқарды. Ол Кубада батыр Момышұлы жайлы жазылғандарды алғашқы оқыған Фидель Кастро екендігін, сондықтан да оның Бауыржан Момышұлын аса жоғары қастерлейтінін жеткізді. Бұған жауап ретінде Баукең шын жүректен ақтарыла өзі де, қазақ халқы да Фидель Кастроны мақтан тұтады деп ілтипатын білдірді. Барлық кубалықтарға Бауыржан Момышұлының кітабымен танысуды ұсынған да Фидель Кастро болатын. Ал Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына Кубада 20 күн тынығуді ұсынғанымен, ол тек 10 күнге ғана келісім берді.

Бауыржан Момышұлы осы сапарында көптеген кубалықтармен: қорғаныс министрінің орынбасары, команданте Эфиханио Амехейроспен, қорғаныс министрінің орынбасары, команданте Юменеспен, команданте Альмейдомен, команданте Антонио Санчеспен, генерал, команданте Хосе Кауссенмен, Каусеннің орынбасары капитан Риомен, Мәскеудегі Кубаның әскер өкілі команданте Эдиардо Синьолмен, Пинос аралы партия ұйымының хатшысы Куэрбомен, Бас штабтың бастығы Серхио Дэль Васпен, генерал Луис Деметрио Чевако-Гомеспен, Хосе Антонио Масадпен, Альгита Лоренспен, Гавана мектептерінің бірінің директоры Доминико Дель Амомен, Габриэль Леон Висадпен, Сан Ранчо Боероспен, Орландо Вега Гарсиямен, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Педро Диас Охэдамен, лейтенант Серхию Каналес Селпамен, фотограф Серхию Каналес Селпамен, алғашқы академияның бастығы капитан Агустин Родригэс Муньоспен, “Гранма” кемесінің капитаны Нарберто Голладо Алреумен, Пинос аралының бақша өсірушісі Ольвариспен және басқалармен кездесті.

Кубада біздің ұлттық батырымыз – Бауыржан Момышұлымен жүздесіп, дидалас болған адамдардың қазірде бар екендігіне күмән жоқ. Сондықтан да олардың қазақ және куба халықтары арасындағы достық қанынастың бастауы болған осы бір ұмытылмас ізгілікті сапардың жай-жапсарын еске алып, оны ұлағат етіп кейінгі ұрпақтарға айтып бергендігін қалар



едім. Бәлкім, болашақта, осы тарихи оқиғаны ескере отырып, екі халық пен мемлекеттің арасындағы ізгілікті әрі түсіністікті қатынастардың бастауында болған қазақ халқының ұлы перзентіне шынайы құрметі ретінде Куба жұрты өз елінде ескерткіш орнатар. Қазақстан да өз тарапынан осындай ізгі қадам жасар. Өйткені Куба бүкіл әлем үшін тәуелсіздік жолындағы күрестің тамаша үлгісі.

Біздің батырымызды Кубада жылы шырайлы достық пейілмен шығарып салды. Қоштасуда Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына Кубаның ұлттық батыры Хосе Мартидің шағын мүсінін сыйға тартты.

Бауыржан Момышұлы Кубаға барған жылы Гаванада 1 миллион 540 мың адам болатын. Сол кезде ел тұрғынының саны 7 миллионнан астам еді. Ал 1907 жылы онда бар болғаны 2 миллион адам тұратын. Бүгінде халқының саны 11 миллионнан асып түсіп отыр.

Бірде Мәскеудегі Арбат бойында қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматов пен Бауыржан Момышұлы кездейсоқ жолықты. Олар жүректен ақтарыла көп жайды әңгіме қылды. Мен олардың арасында болған Куба туралы әңгімені ғана алға тартуды жөн көріп отырмын.

– Шыңғыс, сен тыңда, мен туралы халық арасында 120 вагонға жүк болатын алыпқашты әңгіме бар. Шынында да болған жай, мынандай оқиға болды. Бірде, Фидель Кастроның арнайы шақыруымен Кубада болғанымда, маған өңі қараторы әдеміше қыз жүгіріп келді.

– Полковник! Мен Сіз туралы көп оқыдым, бала кезімнен Сізге ғашықпын. Егер қаласаңыз, мен Сіздің әйеліңіз болуға және Сізбен бірге Сіздің елге кетуге әзірмін десін. Қысылып, қымтырылмастан дәл қарсы алдымда тұрды.

Сонда: “Қызым, қазақ халқында: “Қыз кезінде қыздардың бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығады?” – деген сөз бар. Сен менің мінезімді білмейсің, ал білген болсаң, мұндай сөзді ешқашан айтпаған болар едің...” – дедім.

– Сонда маған өз көңілін білдірген сол қызға үйленген, оны елге алып келген болсам, бәлкім, мен туралы өсек 200 вагоннан да асып кеткен болар еді, – деген болатын Байыржан Момышұлы.

Сол жылдары Кубада Тимур Гайдар “Правда” газетінің тілшісі болды. Азамат соғысы жылдарындағы әйгілі 18 жасар полк командирі

Аркадий Гайдардың ұлы. Егор Гайдар – 1990 жылдарда Ресей Премьер-министрі болды, ол Тимур Гайдардың ұлы. Кубаға Бауыржан Момышұлының ұшақпен келгендігін естіген Тимур Аркадиевич Гайдар жас жағынан кішілік ілтипатын білдіру және сәлем беру үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың батырымен жолығуды ұйғарады. Олардың кездесуі бауырластық ыстық ықыласты жағдайда өтеді. Гайдар Баукеден тағы да бірнеше күн қала тұруды өтінеді. Алайда ол Куба басшылары ұсынған жиырма күннің тек он күніне ғана әзер келісіп отырғандығын оған құлаққағыс етеді.

Сол жылдарды сипаттағанда Бауыржан Момышұлы кубалықтарды әсершіл, сенгіш және ақжарқын, ұлттық дәстүрлерін жоғары бағалайтын ел ретінде көрсетеді. Ән салып, би билеуге құштар. Кубалықтар тым елгезек. Әсіресе әйелдері мен қыздарын қатты құрметтейді.

Менің өзіммен тегім аттас Сәбит Рүстемов деген досым бар. Көп жыл Шымкенттің Қорғасын металлургиялық зауытында жұмыс істеді. Көптеген ордендердің иегері, өндіріс озаты болған. Ол жайында кезінде Н.Ә. Назарбаев пен Қ.С. Сұлтанов көптеген жақсы лебіздер білдіргені бар. Ол Кубадағы Жастар мен студенттердің Халықаралық фестиваліне қатысқан. Сонда Қазақстан делегациясы атынан әйгілі революционер, Куба басшысы Фидел Кастроның үстіне ұлттық шапанымызды жауып, басына қазақтың бас киімін кигізген еді. Бүгінде еңбек ардагері Куба жеріндегі осы бір ұмытылмас сәтті жүрек жылуымен еске алып отырады.



АЛЫС ТА ЖАҚЫН КУБА

Достаса білу және достықты құндай білу – бұл үлкен іс.

Бронислав Аравийский



Куба Республикасының Елшісі Абелардо Фабио Эрнандес Феррер мен Куба Елшілігінің Бірінші Хатшысы Мигель Санчес Ордоньес бір топ қазақстандықтармен.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңына таман біздің мәдениетімізді Кубада жас музыкалық ұжым таныстырды. Сонда Гаванадағы жастар мен студенттердің фестиваліне әйгілі “Дос-мұқасан” ансамблі қатысқан болатын. Осы әуезді кермет топтың бастауында Досым Сүлеев, Мұрат Құсайынов, Бақыт Жұмаділов, Шәріп Омаров және басқа музыка өнерінің көрнекті тұлғалары тұрған еді. Гаванадағы XI Бүкілдүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалінде лауреат атанған “Гүлдер” ансамблінің атағы кеңінен таралды. Бұл шынында да зор табыс болатын. Осы ұжымның әрбір өнер көрсетуі эстрада жанашырларының, музыканттарының журналистердің ортасында ауыздан түспей жүрді. Бастапқыда республикадағы, одан кейін бүкілодақтық, ал сосын халықаралық ауқымдағы табыстарына сүйсінді, шығармашылық табыстарына ақ жол да тіледі.

Содан бері көп жылдар өтсе де, еліміздің көптеген дарынды әншілерін қанаттандырып шығарған “Гүлдер” ансамблінің шығармашы-

лық ұжымы әлі де тұғырынан таймай келеді. 1973 жылы ансамбль Кеңестер Одағының қалаларына және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне концерттік сапарлармен бару бақытына ие болды. Концерттердің барлығы зор табыспен өтті.

Ұжым ұдайы жас дарынды әншілермен толығып отырды. Халықаралық конкурстардың лауреаттары, халық артистері: Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Мақпал Жүнісова, Қайрат Байбосынов, Қапаш Құлышева, Сенбек Жұмағалиев және көптеген басқалар өздерінің табысты жолдарын осы ұжымда шыңдап, кәсіптік шеберліктің шыңына өрледі.

Бүгінде “Гүлдерді” дарындылар шыңдалатын орта деп атайды. Қазақстандық эстрада жұлдыздарының барлығы дерлік соның қабырғасынан түлегендер. Олардың әрбір өнер көрсетулері тыңдаушыларын кереметтей баурап алып қана қоймай, жан тебіренісіне, сезім шынайылығына бөлеп отырады. Әрқайсысында өзіндік қайталанбас реңк пен сырлы бояу бар. Сонымен қатар ансамбльдің шығармашылық жағынан ілгері басуына репертуарларындағы әлем халықтарының, фольклордың, модеріннің, шығыстың өрнектілігін жете меңгергендігін аңдататын би ұжымы да елеулі үлес қосып келеді. “Гүлдер” ансамблінің балеті әлемнің әр қиырында: Үндістанда, Монғолияда, Болгарияда, Қытайда, Кубада, Израильде, Германияда, Жапонияда, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Турцияда және басқа елдерде гастрольдік сапарларда болды. “Гүлдер” үкіметтік және үкіметаралық барлық шараларға қатысады.

2004 жылы “Гүлдер” ансамблінің би ұжымы Астанада өткен “Шабьт” халықаралық конкурсында Гран-при жүлдесін жеңіп алды. 2005 жылы “Гүлдер” ансамблі Республика Сарайында өзінің құрылғандығының 35 жылдығын атап өтті. Қазіргі кезде “Гүлдер” ансамблінің директоры болып өзінің шығармашылық жолын осы әйгілі ұжымнан бастаған танымал композитор әрі әнші Жеңіс Сейдуллаев тағайындалған. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының мәдениеті мен өнерін дамытуға өзінің лайықты үлесін қосып келеді.

Өзімнің жеке пайымдауым бойынша, Куба маған Еуропаға қарағанда жақын тартып тұратын сияқты. Бәлкім, ол Кариб теңізі аймағындағы ең үлкен арал болуымен қатар, Хемингуэйдің “Қарт пен теңіз” шығармасымен астасып жатқан болуы керек, ал Фидель

Кастро мен Че Геваре- өз алдына бөлек тақырып. “Куба – менің мақтанышым!” – бүгінде елуді еңсеріп, алпысты төңіректенгендердің бәрі де осы әнді білмейді деуге аузым бармайды. Сондықтан да кубалықтармен кездесу маған баяғы көзтаныстармен жолыққандай әсер қалдыратындығы содан. Мұны мен 2008 жылдың тамызында Қазақстандағы Кубаның Елшісі Тересито Капоте Камачо ханыммен кездесуде айрықша сезіндім. Бүгінде есейген әрі орыс тілін біртіндеп жадынан шығарып бара жатқан Елші ханым Кеңестік жоғары оқу орындарында оқыған және Қазақстанның тың аймағындағы студенттік құрылыс отрядтарында еңбек еткен әсерлерін әлі ұмыта қоймаған екен.

Куба мен Қазақстанның арасындағы қашықтықтарға қарамастан, екі республика әлеуметтік және мәдени салада нытымақтаса жұмыс істеп келеді. Мысалы, Кубада медицина жақсы дамыған, қазіргі кезде онда “витилиго” диагнозымен қазақстандық біраз балалар емделуде. Одақтың күйреуі тауар айналымының 80 пайызын кеңестік тауарлар құрайтын Кубаның экономикасын тығырыққа тіреді. Оның үстіне ел АҚШ тарапынан экономикалық қысымда қалды. Осыған қарамастан, кубалықтар, қазақстандықтар сияқты, 90-шы жылдардағы экономикалық дағдарыстан сүрінбей өте алды.

Міне, көп жыл бойына кубалықтардың Қазақстан Парламенті депутаттарымен жақсы қарым-қатынасы орнығып келеді. Мәселен, өз уақытында ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Жармахан Тұяқбай Қазақстандағы Кубаның уақытша сенім білдірілген өкілі Блас Набель Перес Камехоны республикамыздағы дипломатиялық миссиясы аяқталуына байланысты қабылдаған болатын. Кездесудің барысында екеуі Қазақстандағы Кубаның дипломатиялық өкілдігінің деңгейі елшілік мәртебесіне дейін көтерілгендігін маңызды оқиға ретінде атап көрсетті. “Бұл Қазақстан-Куба қарым-қатынасын дамытудағы жаңа кезеңнің басталғандығы”, – деді өз сөзінде Б. Перес Камехо. Өз кезегінде Ж.Тұяқбай Бостандық Аралының миллиондаған қазақстандықтар санасына елеулі әсер етекендігін айрықша атады. “Біз жас кезімізден Куба революциясының әсерінде, Куба халқының бостандық сүйгіш өнегесінде тәрбиелендік”, – деді ол.

Әңгімелесушілер екі елдің экономикалық ынтымақтастығын да кеңінен сөз етті. Айрықша атап айтарлығы сол, олардың пікірінше, оны бұрынғы көлемде қалпына келтірудің және одан әрі дамытудың барлық алғышарттары бар. Б.Перес Камехо атап көрсеткеніндей,

“қазіргі кезде де Кубадағы тракторлардың 60 пайызы Павлодардан шығарылған, ал металлургия өнімдерінің жартысы – қарағандылық”.

Ж. Тұяқбайдың сөзіне қарағанда, екіжақты әріптестікте жеткілікті пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерге туризмді, фармацевтиканы, мұнай өндіру және тағамдық өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты жатқызуға болады. Парламентаралық өзара байланыстың да ықпалы зор, Скипердің айтуынша, “міндетті түрде жүзеге асатын болады”. “Қазақстан және Куба халықтарының бір-біріне өзара ықыласы – осы процестің негізі және кепілі”, – деп атап көрсетті Ж. Тұяқбай.

Куба республикасы Қазақстанмен сауда-экономикалық қатынастарды ұлғайтуға ниетті. 2003 жылдың наурызында Парламент Үйінде Мәжіліс төрағасы Жармахан Тұяқбай мен Кубаның сыртқы істер вице-министрі Анхель Дальмау арасында кездесу болды. Әңгімелесушілер қазақстан-куба экономикалық қатынастарының жайын талқылап, оларды ұлғайтудың және жандандыра түсудің мол мүмкіндіктері бар екендігін атап айтты. Мәселен, екі ел ынтымақтастығы факторларының бірі ретінде мұнай-химия, биотехнология саласындағы өзара байланыс, туризм саласындағы мүмкіндігі мол әріптестік ерекше аталды. Анхель Дальмаудың сөзіне қарағанда, “экономикалық ілгерілеушілік Кубада дәл Қазақстандағыдай болмағанымен”, Бостандық аралының халық шаруашылығында да оң өзгерістер жасалып келеді. Мәселен, мұнай өндіру дами түсуде, ал жетекші қант өндірісі саласын жетілдіру оның тиімділігін біршама арттырып, халықаралық іскерлік байланысқа кең жол ашпақ. Әңгімелесушілер сондай-ақ екіжақты парламентаралық байланысты дамыту саласының да оң әсері болатындығына айрықша тоқталды.

Куба Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Тересита Капоте Камачоның Қазақстанда болуы ауқымы анағұрлым кең әрі маңызды оқиғаларға толы болды. Ол аса сирек кездесетін ерекше әйел-дипломат. Өзінің кішіпейіл ілтипатымен жанының нәзік сұлулығымен Қазақстанда нағыз кубалық шынайы қалыптың бенесі ретінде танылды. Осындай шынайылық пен кең пейілділік оның ері Тересита Берман Алеманның тарапынан да анық аңғарылып тұрды. Ол Куба Елшілігінің Бірінші Хатшысы, Консулы болып жұмыс істеді. Осы екі жарасқан жұп біздің елімізде Кубаның шырайы болды. Егер ақ жүрегімізден жарыла айтсақ, олардың Қазақстанға деген шынайы құрметінің арқасында біз біршама ұмытылуға айналған Кубамен

және куба халқымен қайта жақындасқандай болдық. Міне, халықтар арасындағы нағыз достық көпірін орнататын дипломатиялық өмірдің жарқын көрінісі осындай. Алыстағы Куба қазақстандықтарға біршама жақындай түскендей әсер қалыптасты.

Мемлекетіміз басшысының қабылдауында болғанда Қазақстандағы Кубаның алғашқы Елшісі Тересита Капоте Камачо былай деді: “Аса құрметті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырза! Маған құрметті рәсімді орындауға және аса құрметті Куба Республикасының Президенті Фидель Кастро Русь Сіздің алдыңызда тұрып Қазақстан Республикасындағы Куба Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде өкілеттік берген Сенім Грамотасын Сізге тапсыруға рұқсат етіңіз. Елші болу – үлкен жауапкершілік, бірақ өз Отанымның Сіздің тамаша еліңіздегі өзіме жүктелген міндетін зор қанағат сезіммен қабыл алғандығыма Сізді сендіргім келеді”.

Қазақстанда болған кезінде Тересита Капоте Камачо көптеген ұмытылмас мәдени шаралар ұйымдастырды. Мысалы, кезекті революциялық күн бірнеше рет аталып өтілді. “Бостандық аралы тұрғындарының” тұрмысы жайлы, Фидел Кастроның жеңісінен кейін Кубаның елшісі Тересита Капоте Камачо әңгімелеп берді. Президенттік Мәдениет орталығының залында нағыз куба кофесінің хош иісі аңқыды, ал Тересита ханым, Бостандық аралының өкілі тән жігерлі сөзімен меймандарды баурап алды. Бүгінгі таңда Куба, гаванна сигарынан басқа, өмір сүру ұзақтығымен – 77 жыл, тегін медициналық және білім беруімен, балалар порнографиясының және бағу-қағусыз қалған қарттары жоқтығымен мақтана алады. Куба елшісінің ағынан ақтарыла айтқан сөзі бұл. Куба өкіметі қазіргі кезде 180 елмен дипломатиялық қатынас орнатқан. Ал ТМД елдерімен байланысқа келетін болсақ, кеңес империясы күйрегеннен кейін, Тересита Капоте Камачоның айтуынаша, баяу, бірақ сенімді түрде қалпына келуде, олай болса қазақстан-куба қатынасы “бір-бірі енді ғана жақындай түсу сатысында” деуге негіз бар. Елші Куба тәуелсіз республика ретінде Қазақстанды алғашқылардың бірі болып мойындаған ел екендігін, сондықтан да бүгінде денсаулық сақтау, фармацевтика өнеркәсібі, туризм, спорт және басқа салаларда ынтымақтастық жасаудың нақтылы мүмкіндіктері бар екендігін атап өтті. “Қазіргі кезде біз келісім-шарттарға қол қою, жоғары деңгейдегі сапарлар алмасу сатысында тұрмыз, бұл осы бағыттағы кейбір жайларды

пысықтап алуды қажет етеді”, – дейді өз сөзінің қорытындысында Тересита Капоте Камачо.

2006 жылдың қарашасында Астанада Қазақстан Республикасындағы Куба Елшілігінде “Че Геварасыз 40 жыл. Оқшаулаудың 47 жылы” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, ол алдағы 8 қарашада Кубаға қарсы экономикалық, сауда және қаржы оқшаулауының күшін жою жөніндегі Куба қарарына байланысты БҰҰ-да дауыс беру күніне арналды.

Дөңгелек үстелді ашу Куба елшісі Тересита Капоте Камачо ханымның барлық қатысушылар мен меймандарға арналған алғыс сөзінен басталды. Дөңгелек үстел барысында Камачо Кубаға төніп тұрған өткір проблема – Кубаға қарсы АҚШ тарапынан жасалып отырған қысымшылықты баса сөз етті. Тересита Камачо Буштың Кубаға қатысты жоспарының негізгі сипаттарына тоқталды. Ол бұдан АҚШ-тың Кубаға қарсы өзінің агрессиялық саясатын топтастыру мақсатында басқа елдерді міндеттеуге және мәжбүр етуге, сол арқылы Кубаны оқшаулауға тырысып отырғандығын жеріне жеткізе айтты. Камачо ханымның айтуына қарағанда, ағымдағы жылдың қыркүйегінде өткен қосылмау қозғалысының 14-ші съезі әлемдік саясаттағы айтулы оқиға болып табылады.

Осы шараға қатысушылардың бірі – Қазақстан-Куба Қоғамы төрағасының орынбасары Нәжен Сәрсенбековтың пікірінше, салиқалы ақыл-ой қай кезде де үстем болуы және әлемдік қауымдастық сол үшін күресуі керек. Куба халқының бостандығы мен тәуелсіздігінің негізін қалаған Че Гевара ХХ ғасырдағы аса көрнекті революционер ретінде әрбір кубалықтың жадында сақталуы тиіс. Тағы бір атап айтарлық жай сол, биылғы жылы Кубада Қазақстан Республикасының елшілігі ашылды. Жиын соңында дөңгелек үстелге қатысушылар Кубаны оқшаулау қарарына қарсы үндеу қабылдады.

Парламентаралық деңгейдегі ынтымақтастық Қазақстан және Куба мемлекетаралық қатынастарын кеңейтуге жағдай жасайды

Парламентаралық деңгейдегі ынтымақтастық Қазақстан және Куба мемлекетаралық қатынастарын кеңейтуге жағдай жасайды. 2007 жылдың 8 желтоқсанында Кубаның сыртқы істер министрінің орынбасары Эумелио Кабальеро Родригеспен кездесу кезінде Сенат төрағасының орынбасары Мұхамбет Көпеев осылай деді. Кездесу

барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың алдағы кезеңдері жайлы пікір алмасты.

“Біздің мемлекеттеріміздің энергетика, сауда-экономикалық, туристік салаларда, денсаулық, мәдениет және спорт салаларында өзара іскерлік байланысты нығайтудың барлық мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ парламентаралық ынтымақтастық та мемлекетаралық қатынастарды ұлғайтуға жағдай жасайды”, – деп атап көрсетті М. Көпеев.

Өз кезегінде Э.К. Родригес Қазақстан-Куба қатынастарын одан әрі дамытуға мүдделі екендіктерін айта келіп, парламентаралық байланысты нығайтудың маңыздылығына тоқталды. “Қазақстан мен Кубаның достық қатынасының терең тарихи тамыры бар. Ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша өзара іскерлік тәжірибесі де нақтылы мазмұнымен дәйектеле түсуде”, – деді Э.К. Родригес.

“Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс тәжірибесі, ілгері бастырар экономикалық және саяси қайта құрулар Куба үшін жігерлендірерлік үлгі бола алады”, – деп тағы да атап көрсетті Куба сыртқы істер министрінің орынбасары.

Елші Тересита Капоте Камачомен кездесу

2007 жылдың 15 қазанында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Кубаның Төтенше және Өкілетті Елшісі Тересита Капоте Камачоның университеттің басшылығымен және студенттерімен кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты – кубалықтар тарапынан Кубаның саяси, экономикалық, мәдени өмірінің негізгі аспектілерін аудиторияға ашып көрсету.

Кездесу барысында Тересита К. Камачо кезең-кезеңімен Куба мемлекетінің, кубалық этностың және мәдениеттің қалыптасуын баяндап берді. Христофор Колумбтың географиялық жаңалығына, Куба тарихына испандықтардың ықпалына айрықша назар аударылды. Сондай-ақ Куба мемлекетінің әлемдік қауымдастықпен сыртқы саяси қатынастары да сөз болды. Тересита К. Камачо ханым Кубадағы саяси жүйенің дамуына революцияның ықпал-әсеріне де сипаттама берді. Кездесу кезінде ЕҰУ-нің студенттері өздерінің қойған сұрақтарына толыққанды жауаптар алды. Осыдан кейін ең басты жүзде Кубаға тегін сапарлап қайтуға мүмкіндік беретін Куба елшілігінің испан тілінде конкурс өткізетін жоспарын жария етті.

Хосе Мартиді еске түсіру

Президенттік Мәдени орталықта Кубаның ұлы ақыны Хосе Мартидің туғанына 150 жыл толғанына арналған кеш өтті. Сол күні Президенттік Мәдени орталықтың әлемдік әдебиет залы адамдарға лық толды. Латын-американ әдебиетін жоғары бағалайтындардың барлығы Кубаның ұлы ақыны Хосе Мартидің өлеңдерін оның өзі туған испан және аудармадағы орыс тілдерінде тыңдады. Бүкіл әлемге әйгілі ақынның 150 жылдығын жер-дүниенің барша азаматтары атап өтуде.

Бостандық аралынан жолданған сәлем

Бірде “Колос” газетінің редакциясына алыстағы Бостандық аралы – Кубадан хат жолданды. Бұрынғы жылдардағы жарияланымдардан оқырмандар хабардар болса, Есім Әлішұлы КСРО ауыл шаруашылығының маманы ретінде комсомол-жастар делегациясы құрамында 1961-1962 жылдары Кубада жұмыс істеген.

-Куба Елшілігінен хабар алып тұратынымды білетін жерлестерім көбіне менен Фидель Кастроның денсаулық жағдайы туралы сұрайды. Осы жақында мен тағы бір хабар алдым, “Колос” газеті оқырмандарымен сол жайында ой бөліскім келеді, – дейді ол.

Қазақстандағы Куба елшілігі қазақстан-куба достығы қауымдастығының мүшелеріне Фидель Кастроның сөйлеген сөздерінің, жолдауларының мәтіндерін жіберіп тұрады. Куба халқының басшысы өзінің отандастарын жаңа оқу жылы басталуымен құттықтаған екен.

Өзінің жолдауында ол операциядан кейін денсаулығы қалай қалпына келе жатқандығын сөз басында айтып өтеді. “Кейбіреулер, ашығын айтсам, мен арып кетсем керек – бұл айтары жоқ, мені көре алмайтындардың сөзі. Бірақ соның өзіне де разымын. Ең қиын сәттер артта қалды. Қазіргі кезде денсаулығым қалпына келе жатыр десем болады. Жақын арада қадірлі меймандарды қабылдайтын боламын.

Бүгін көптеген оқушылар, еліміздің болашақтары үшін, қай кездегіден де маңызды, оқу жылы басталады. Керемет оқиға осы!”.

Фидель Кастроның мерейтойы!

Астананың “Ескі замок” дәмханасында Куба Компартиясының басшысы Ф. Кастроның 80 жасқа толуына байланысты тамаша кеш

өтті. Оған құрмет көрсету салтанаты өтті. Бұл шараға ҚКХП (Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясы) ОК-нің хатшысы В. Косарев, ҚР-дағы Куба Елшісі Т. Камачо, Қазақстан-Куба қоғамының мүшелері, ҚР СІМ-нің жеке тұлғалар өкілдері, сондай-ақ бірқатар елшіліктердің (Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және басқалардан) өкілдіктері қатысты. Осы шараның барысында жиналғандар Куба басшысын мерейтойымен құттықтап, Т. Камачоға Ф. Кастроға сауығып кетуіне тілектестік білдірумен қатар, оған тапсыру үшін сыйлықтарын берді. Осы құрмет көрсету латын-американдық лептегі кубалық биі ұжымының өнер көрсетуімен жалғасып отырды.

ҚКХП ОК-нің хатшысы Куба Компартиясы басшылығының шақыруымен Куба Республикасында болып, онда Фидель Кастроның 80 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген салтанатқа қатысты.

Куба басшысының 80 жасқа толу мерекесіне қатысу үшін Гаванаға жетпіс сегіз елден екі жарым мыңға жуық адам келді. Олардың арасында Қазақстан-Куба достығы қоғамының мүшесі Қабыкен Закариянов: “Құлдыраудан кейін ел экономикасы тұрақтанған. Ішкі жалпы өнім бүгінде 10% құрайды. Әсіресе туризм жақсы дамыған. Өздері қаншалықты курорттарды иемденсе де, Италия мен Испания сияқты елдердің барлығы осында демалуға келеді. Таяудағы уақыттарда Бостандық аралы мұнай мен газдың мол қоры ашылуы негізінде көп ілері басуы мүмкін. Бұған Норвегия мен Мексиканың ірі компанияларының осы молшылық көздерін игеруге әзірлік танытып отырғандығы да себеп.

Дегенмен, долларға шаққанда төменгі жалақы 25 бірлікті құрайды, сондықтан елде тұрмысы төмен азаматтарға арналған карочкалық жүйе жұмыс істейді. Сол арқылы кубалықтар күнделікті қажетті – шұжық, ет, май және басқа тағамдар алады. Ал халыққа қызмет көрсету жағына келетін болсақ, оған жету үшін бізге көп уақыт керек. Тіпті жағажайға дейінгі 100 метр қашықтықта болсаңыз да, сұрағаныңызды әкеліп береді. Онда қызмет көрсеткені үшін 10 пайыздық үстеме деген атымен жоқ. Мейманхананың тазалығы сондай, орамалыңыз бен төсек жаймаларыныңыз әр күн сайын жаңартылып тұрады. Жағажайы – ол бір рақат! Тазалығында бір мін жоқ. Бұл жағасының барлығы кемер тасты, сынған шынылы емес, нағыз құмқайрақ. Өз басым далалы өлкенің адамы болып өскендіктен де, дельфиндердің адамдармен қатар жүзіп, олармен ойнағанына кереметтей тәнті болдым. Социализм келмеске кетті дегенмен, сол жолды ұстанған елдің бір кереметі осы деп білемін”, – дейді.

“Казахстанская правда” газеті Достық қоғамының Астана филиалының мүшелері есімі әйгілі Фидель Кастроны 80 жылдығымен құттықтау үшін Кубада болған кезде ол аурухана төсегінде жатқан екен. Сонда олар: “Жаса, Куба! Жаса Фидель!”— деп сан қайтара ұрандатқан.

Ел мен елді жақындастырған бір сәт

2007 жылы Куба Елшілігі біздің елімізбен дипломатиялық қатынас орнатуының 15 жылдығын атап өтті. Бұл жылдар біздің елімізбен достық қатынас жасаудың “ең қиын” кезеңі болды. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін алғашқы қадам жасағанымен, Куба экономикалық дағдарысты жағдайда қалды: өйткені ол кезде бұл елдің сыртқы экономикалық жағдайының 85 пайызы социалистік бірлікпен байланысты болатын. Бірақ, досынды басына іс түскенде білесің дегендей, мұндада да сондай жағдай болды. Аталған кешті аша отырып, Қазақстандағы Куба елшісі Тересита Капоте Камачо ұзақ та мазмұнды сөз сөйледі. Кезек Сыртқы істер вице-министрі Қайрат Әбдірахмановқа келгенде, ол бірден қатысып отырғандарға: “Мен сөзімді қағазға қарап айтайын, әйтпесе ол Кубаның басшысының сөзіндей біраз уақытқа созылуы мүмкін” деп әзіл-шыны аралас ескертіп өтті. Шынында да құттықтау сәті ұзаққа созылатын түрі болды, өйткені тілек білдірушілер өте көп еді. Бірақ, өкінішке орай, бәрінің бірдей сәті түсе бермеді. Тіпті кейбіреулері сөз тимегенге реніштерін де білдіріп қалды. Меймандардың арасында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі әрі, сонымен бір мезгілде, Қазақстан-Куба достық қоғамының құрметті төрайымы Гүлжан Қарағұсова да болды. Қабылдауға жақында ғана Кубадан оралған, онда сол елдің медицинадағы айтулы жетістіктерін көзімен көріп, халқының тамаша қайталанбас мәдениетімен танысып қайтқан Денсаулық сақтау министрі Анатолий Дерновой да қатысты. Ресми сәттен кейін меймандар кубалықтар дайындаған ұлттық тағамдардан дәм татты. Осы жерде бір айта кетерлік жай сол, кейбір тағамдарды елші Тересита Капоте Камачоның өзі қолымен дайындағандығы еді. Өйткені елші ханым тағамды өзі дайындағанды, оны меймандарына ұсынғанды қатты ұнатады.

Оның үстіне Тересита Капоте Камачо билегенді ұнатады. Шынын айту керек, өте жақсы билейді. Бүкіл кеш бойына меймандар кубалықтардың қан қыздырар екпінді де ырғақты билерінің қызығына

бөленді. Билеушілердің арасында елші Тересита Капоте Камачоның ерімен бірге билеуі айрықша әсер қалдырды.

Виват Тересита!

Қазақстандағы өзінің дипломатиялық жұмысының аяқталуына байланысты Куба Республикасының елшісі Тересита Капоте Камачо үлкен қабылдау жасады.

Меймандарға – саясаткерлерге, депутаттарға, танымал қоғам қайраткерлері мен журналистерге жылы сөздерін арнай отырып, Камачо ханым тұрақты және жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қазақстан басшылығына алғыс сезімін білдірді, бүгінде куба-қазақстан қарым-қатынасы бір-біріне достық құшағын ашып келе жатқандығын еске салды.

“Куба сіздердің елдеріңізбен дипломатиялық қатынас орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі. Куба БҰҰ-ның қарарында Куба үшін дауыс беріп, қолдау көрсеткені үшін Қазақстанға алғыс сезімі мен ризашылығын білдіреді. Екі елдің арасында халықаралық ұйымдардағы маңызды ынтымақтастық бар”, – деді.

Оның айтуына қарағанда, екі тараптың денсаулық сақтау, биотехнология, фармацевтик өнеркәсіптері, туризм, спорт және көптеген басқа салаларда екі жақты қатынастарды жаңа сатыға көтерудің саяси оң ықпалдастығы қалыптасып келеді.

“Бүгінде біз жоғары деңгейдегі сапар алмасу үшін келісімдер жасаудың сатысында тұрмыз. Осыған дейін көптеген министрлердің сапарлары болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев, Индустрия және сауда министрлігінің делегациясы, 2006 жылы – Анатолий Дерновой бастаған Денсаулық сақтау министрлігінің делегациясы Кубада болды, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Біздің еліміздің де өзгелер үйренерлік жетістіктері бар – кубалық дәрігерлер әлемнің 70-тен астам елдерінде жұмыс істейді, біз Қазақстанға куба дәрі-дәрмектерінің 9 түрін, оның ішінде вакциналарды жеткізіп тұрамыз”, – деп атап өтті Тересита Капоте Камачо.

Елшімен кездесу кезінде Мәжіліс төрағасының орынбасары Сергей Дьяченко атап көрсеткеніндей, “дамвп келе жатқан мемлекет-аралық қатынастарда Камачо ханымның белсенді қызметінің арқасында ол өзінің үйлесімділігін тапты, алдағы уақытта оны одан

әрі тереңдете түсудің барлық негіздері қаланды”. Оның үстіне парламентаралық салада – мәжілісте кубалық әріптестермен достықтың депутаттық тобы құрылып, белсенді жұмыс жүргізуде. Әсіресе Бостандық аралымен сауда-экономикалық байланыс зор қызығушылық тудырып отыр.

“Қазақтан-Куба достығы алдағы уақытта да нығайып, ауқымын кеңейте беретін болады”, – деп қорытындылады өз сөзін елші ханым жиналғандар алдында.

2008 жылдың 2 қыркүйегінде Сенатта Палата төрағасының орынбасары Мұхамбет Көпшевтің Қазақстандағы дипломатиялық қызметінің мерзімі аяқталуына байланысты біздің еліміздегі Куба Республикасының Елшісі Тересита Капоте Камачомен кездесу болды. Кездесудің барысында тараптар қазақстан-куба қатынастарының жайы және оны дамытудың болашағы, оның ішінде парламентаралық байланыстар туралы пікірлер алмасты. “Біздің еліміздің энергетика, сауда-экономикалық, туристік, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы әріптестікті тереңдете түсудің барлық мүмкіндіктері бар”, – деп атап көрсетті Мұхамбет Көпеев. Вице-скипер екі мемлекет арасындағы достық қатынасты дамытуға қосқан қомақты үлесі үшін елшіге алғыс сезімін білдіріп, Куба дипломатына ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының Алғыс хатын табыс етті.

Лайықты құрмет



Әлемге танымал қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаев. Біздің елімізде әлем халықтарының өзара мәдени байланысын орнықтыру жөніндегі бастамашы болған жазушы Роллан Сейсенбаев көп жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді. Ол кезінде Лондонда “Абай үйін” ашты. Халықаралық әдебиет қауымдастығы арасында өзіміздің дарынды қаламдасымыздың орны, атқарып жатқан жұмысы аса ауқымды. Оның шығарып келе жатқан “Аманат” журналы арқылы қазақстандықтар көп жылдан бері бес құрлықтағы ұлы жазушылардың жаңа есімдерімен танысуда.

2007 жылдың сәуірінде кубаның Достық ордені Роллан Сейсенбаевқа тапсырылды. Астанада Қазақстан мен Кубаның арасында

дипломатиялық қатынастар орнауының он бес жылдығына арналған кеш өтті. Салтанатты шара ауқымында Куба елшісі Тересита Капоте Камачо қазақстандық әйгілі жазушы, “Аманат” журналының бас редакторы Роллан Сейсенбаевқа Латын Америкасы әдебиетін танытуға қосқан үлесі үшін Достық орденін тапсырды. Жиырманшы ғасырдың соңында шағын ғана аралдық мемлекет халқы экономикалық қиындықтарды бастан өткеріп жатқандығына қарамастан, Куба 1992 жылы тәуелсіз Қазақстанда өз елшілігін ашуға қадам жасады. Т.Камачоның айтуына қарағанда, содан бергі аралықта қазақстан-куба қатынастары кеңейіп, жан-жақты дамытылудың маңызды кезеңдерінен өтті.

– Бүгінде Куба сыртқы саясатының үйлесімділігімен, экономикасының ілгерілеу қарқынымен, халқының әл-ауқаты жақсаруымен, халықаралық деңгейдегі орнын нығайтуымен ерекшеленеді, – деп атап көрсетті Сыртқы істер вице-министрі Қайрат Әбдірахманов.

Достық орденімен марапаттаудың салтанатында Т.Камачо жазушы Роллан Сейсенбаевтың екі халық арасындағы мәдени қатынастарды дамытудағы үлесі туралы әңгімелеп берді. Ол, латын-американдық әдебиетті қатерлеушілердің бірі ретінде, “Аманат” журналы арқылы қазақстандық оқырмандарға кубалық авторларды, оның ішінде әйгілі ақын Хосе Мартидің шығармаларын таныстырды.

– Қысқы ұзақ кештерде, ядролық жарылыс алаңының ортасында, мен, он үш жасар бала кезімде, Кубаның ұлы ақыны, ағартушысы, көсемі Хосе Мартидің өлеңдеріне ден қойған едім. Оның өлеңдері мені алғаш рет Латын Америкасының әдебиетімен ауыздандырды. Шығармашылары өздерінің бастаулары, өз халқының ешкімге ұқсамас ерекшелігі мен ізгілігі туралы айта алған жерде, әдебиет те ұлылыққа айналады. Сондықтан біз де, Латын Америкасының аса көрнекті ұлдарының тудырған маржандары сияқты, Қазақстан жазушыларының да еңбектері әлемдік мәдениет қазынасынан өзінің лайықты орнын алғанын қалаймын, – деді орден тапсырудың салтанатында Ролан Сейсенбаев.

Осы арада кубалықтардың зор адамгершілік ілтипаттарын айрықша атап көрсетудің реті келіп тұр. Қазақстанда аса қатерлі жұқпалы дерт қабындаған кезде, Куба ВИЧ-инфекциясына шалдыққан оңтүстікқазақстандық балаларға көмек көрсету шешіміне келді. Қазақстандағы Куба елшісі Тересита Капоте Камачо елдің ұлттық батыры Че Гевараның қаза тапқанына 40 жыл толуы күрме-